

тіркесімділік ол сөздердің грамматикалық мағынасына, яғни белгілі бір сөз табы құрамындағы сөз топтарының грамматикалық байланысына негізделеді. Сондықтан сөз мағынасы мен тіркесімділігінің арасындағы қарым-қатынас тіл жүйесінде олардың қолданысымен сипатталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы.-152 б., Алматы:Рауан,1991.
2. Апресян Ю.Д. Лексическая семантика.- 64 стр.Москва,1974.
3. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері.- 183б., Алматы,1996.
4. Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі.- 22,23 бб., Алматы:Санат,1997.
5. Исаев С.М. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы.- 140 б., Алматы,1973.
6. Телия В.Н. Семантический аспект сочетаемости слов и фразеологическая сочетаемость.//Принципы и методы семантических исследований.-246,249 стр, Москва:Наука,1976.
7. Медникова Э.М. Значение слова и методы его описания.- 89 стр, Москва:Высшая школа,1974.

Резюме

В статье рассматриваются некоторые вопросы семантики слов и их отношение к сочетаемости.

Resume

Some issues of word semantics and their relations to compatibility are investigated in this article.

ӘӨЖ 882.151.212.2

МӘШҮР-ЖҮСІП ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС-БІТІМ

А.О. Тоқсамбаева

Семей мемлекеттік педагогикалық институты, Семей қ.

Еліміздің өз егемендігіне қол жеткізуі отандық ғылымның қарыштап дамуына жол ашты. Ең бастысы қазақ филологиясындағы жабық

тақырыптардың кең ауқымды зерттелуіне толыққанды мүмкіндік туды. Бұрын тек біржақты бағаланып келген Ш. Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көбпейұлы, М. Жұмабаев сияқты ХХ ғ. басындағы әдеби үдерісте үлкен әдеби рөл атқарған қаламгерлер шығармашылығы өзінің шынайы әдеби бағасын әдебиет зерттеушілері тарапынан ала бастады.

Қазақ әдебиетінің теоретиктері мен әдебиет тарихын зерттеушілері ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы шығармашылық ғұмыр кешкен әдебиет алыптарын ұлттық болмыс-бітім тұрғысынан пайымдаудың бұрын тұмшаланып келген ғылыми шымылдығын ашып, жаңаша сипаттағы зерттеулер мен пайымдаулар жасауға қол жеткізді.

Біз өзімізге дейін айтылған ғылыми пікірлер мен әдеби тұжырымдардың бәтуалы тұстарын осы мақаланы жазуда басшылыққа ала отырып, қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар қаламгер Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туындыларындағы ұлттық болмыс-бітім жайында аз-кем сөз етпекпіз.

Шығу тегіміз бен тіліміз туыстас болып келсе де, белгілі бір әдеби ой-пікірді түйіндеуде қырғыз бен қазақ қаламгерлері екі түрлі тұрғыда ойлап (Әбіш Кекілбаев пен Шыңыс Айтматовтың “мәңгүрті” – Т.А.) әр түрлі көркемдік шешім қабылдайды. Қазақ пен қырғыз қаламгерлеріне осындай түрлі көркемдік шешім қабылдатып отырған басты әдеби себеп – ұлттық психология. Демек психологизм көп қырлы бағыттар мен әдістерге ортақ әрі олардың негізгі принциптеріне тікелей тәуелді. Сонымен қатар психологизм белгілі бір көркемдік әдістердің ауқымына сыймайды... яғни дербес поэтикасы болуға тиіс [1,4 б], – деп, профессор Б. Майтанов дұрыс атап көрсеткендей, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлең-деріндегі ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамындағы белгілі бір әлеуметтік топтардың арман-мұратын, мақсат-сезімін білдіретін ұлттық нақыштардың астарына үңілу үшін ақынның өз лирикалық қаһармандарының өмір сүрген кезеңіндегі дүниетанымы мен іс-әрекеттеріне қай тұрғыдан келетіндігіміздің басын ашып алу қажет.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы әдеби үдеріске өзінің оң мен солын айырып араласқанға дейін М. Әуезов орынды атап көрсеткен зар заман әдебиеті Нарымбет ақынмен аяқталған болатын [2]. Осындай тұтас бір әдеби үдерістің аяқталуы ХІХ ғ. соңғы ширегінде қазақ әдебиетінің шығыстық мәнерде қайыра гүлденуін тудырды. Бұрынғы ұлттық әдебиеттегі томаға-тұйықтық жойылып, әдеби даму өз кезегінде шығыс, орыс және батыс әдебиетінің жауһарларымен жақсы таныс қазақ әдебиетінің жаңа өкілдерін әдеби аренаға әкелді. Бұлар өз заманына сай жадидше білім алған қазақ ағартушылық әдебиетінің ІІ кезеңінің өкілдері еді [3]. Олар өздерінің шығармашылық әлеуетін отаршылық дәуіріндегі қазақ қоғамдық-саяси күресіне арнап, өздерінің осы жолдағы түрлі бағыт пен ағымдардағы идеялық-философиялық ізденулерін тудырды.

“Ең алдымен психологизм... көркемдіктің кепілі ретінде бой көрсетеді”[4, 39],-дейді орыс зерттеушісі А. Изеуитов. Біз осыны негізге ала отыра Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы поэзиясын қарастырған шақта ондағы ұлттық нақышта бой көрсететін “романтикалық психологизм” мен “реалистік психологизмнің” бірде ірге ажырата, бірде тоғыса шарпысуын айырып көрсетіп отыруымыз қажет. Сонда ғана ақын шығармасындағы ұлттық болмыс бітімді біршама толық ашып көрсетуге қол жеткізе аламыз. Сондай-ақ ақынның азаматтық лирикасындағы ұлттық нақыштардың қай әдеби ағымға жататынын қажетті жерінде көрсетіп отырған да орынды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмір сүрген дәуірдегі саяси-әлеуметтік оқиғаларды неміс ақыл-ойының асқаралы шыңы Гегельдің өзекті пікіріндегі қаламгер сезіміне қатысты аяда алар болсақ: “Бірінші менің қандай да бір жағдайларға тікелей жалқылығым, бұған мысалы: ашу, ыза, кек, қызғаныш, ұят, өкініш тәрізділер жатады.

Екінші менің өзім арқылы жалпыға қатыстылығым: заңға, ұждан-салтқа, дінге, әсемдік пен ақиқатқа қатыстылары”[5, 118б] арқылы толық ауқымда тек шығармаларының тереңіне бойлап енгенде ғана ұғына аламыз. Осы негізде ақын туындыларын саралайтын болсақ, ақын өзінің азаматтық лирикасында ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы отаршылық зардабының кесепатын өзі басы-қасында жүрген қоғамдық өмірдегі белгілі бір әлеуметтік топтардың ұлттық нақышта суреттелуі негінде төмендегіше айшықтайды:

Сүрініп ат тұяғы кетер болса,
Дұшпан түгіл, досың да табаласқан.
Бұл жұртта сұмырай нәрсе толып жатыр,
Өтірік, ұрлық, өсек араласқан[6,4б].

Біз алған өлең үзегіндегі “ат тұяғының сүрінуі” этнотіркесіміне ақын поэтикалық акцент түсіріп қолданылып тұр. Осы бір фразалық қолданылыс арқылы ақын өз заманындағы елдің аузына іліккен жанның жаза басқан бір іс-әрекеті үшін дұшпанының табасы мен достарының күстаналауына қалайша ұшырағандығын өзіне тән стильдік сөз саптауымен тамаша бере білген. Біз арнайы алған өлең шумағының соңғы екі тармағы өз бойына отаршылдық өмір салты тудырған қазақ қоғамындағы кесепатты кеселдерден хабар береді. Енді осы өлең шумағының жалғасын келтірер болсақ. Онда:

Өңшең сәуірік, текешік, бұқашықтар,
Бірін-бірі соғып, шаншып, жараласқан,
Жақсыны өзі болған, көре алмаған,
Өрт қойып жан-жағынан қамаласқан[6,4б], -

деген шумақтардан бұрынғы тармақта айтылған ойдың одан ары тереңдетіліп берілгендігін байқаймыз. Ақын өзі жаратпайтын әлеуметтік топ өкілдерін “сәуірік, текешік, бұқашықтар” деп метафоралық символдаумен берсе, өзі ұнататын жанды – халық ұғым-түсіндегі “жақсы” эпитеттік

метонимиясымен суреттейді. Өз өмір сүрген ортасындағы қоғамдық-саяси күресті осы топтың арасында орын алған іс-әрекеттер: соғысу, шаншысу, жараласу персонаждық қимылдары арқылы дәуір тынысын ашып береді. Ұлттық таным-түсініктер әдеби әрлеуден басым түсіп отыруы - ақынның азаматтық лирикасындағы өзіндік стильдік ерекшеліктерінің бірі. Біз оны ақынның 1907 жылы патша үкіметі тәркілеген “Тіршілікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашымыз” кітабынан молынан кезіктіріп отырамыз. Бұл арада бір ескеретін жайт Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығынан ең бастысы көркемдікті іздеуді емес, ондағы ұлттық нақыштардың түбінде бұғып жатқан азат ойлылықты іздеуге көп көңіл бөлгеніміз дұрыс.

«Адам қашанда әдеби шығармашылықтың орталық нысанасын құрайды. Бейнеленген адамға қатысты тек әлеуметтік тұрмыстың шынайылығы ғана емес, заманның болмысы мен тарихи өзгермелілігі т.б. көрініс тауып, автор қолданған барша көркемдік амал-тәсілдердің өзі бейнелеген адам болмысымен біте қайнасуы»[7,3 б] біз келтірген өлең жолдарында кең ауқымда таңбаланғандығын байқаймыз.

Өз ұлтының кемістігі мен кемшілігін басқа орыс ойшыдарынан асыра айтқан П.Я.Чаадаевтың орыс-ақыл ойының дамуындағы алатын орны турасында Тұрсын Жұртбай[8] өзінің құнды пікірлерін айтқан болатын. Біздің ХІХғ.соңы мен ХХғ. басындағы қаламгерлеріміз де өз туындыларында өздері өмір сүрген отаршылдық дәуірдің кесапатын өздерінің азаматтық лирикаларында түрлі деңгейде ашып көрсете алды. Енді өз ұлтының шынайы бет пердесін басқа замандастарына қарағанда айырықша ашып көрсете алған П.Я.Чаадаевтың пікіріне орын бере кетелік: “Демек, біздің ереже мынау: біздің өзімізге мәлім фактілер туралы ой толғағанда, өлі материалдарға қарағанда,жанды образдар туралы ауқымды ой жинақтай аламыз”[9, 255 б]. Сол дәуірдегі өлі материалдар патша үкіметі қазақ тілінде шығарған “Түркістан уәлаяты газетасы” мен “Дала уәлаяты газетасы” сияқты биліктің шоқпарын соққан басылымдарда жарық көрсе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы сияқты өз заманының озық ойлы, алдыңғы қатарлы қаламгерлерінің шығармашылығынан қазақ өмірінің мұңы мен зарын айқын аңғарамыз. Оның ұлтымызға тиген зобалаңынан М. Мырзахметов [10], М. Мағауин [11] сияқты тарихшылардың еңбектерінен нақты фактілер арқылы таныс болсақ, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығынан осы бір бодан дәуірдің кесапатын көркемдік тұрғыдан пайымдай аламыз. Енді ақынның нақты ұлт басындағы қайғыны “әділ патша” туралы ұлттың ұлы арманымен ұштаса төгілтуін төмендегідей өлең жолынан бағамдаймыз:

Сөйлесе, жұрт пайдасын, білген ерлер,

Хакімдер атып тастар көзін жойып.

Қалайша Россияның ғаділдігі

Мүшелер терімізді қойша сойып?![6, 56] -

деуінде ақын өмір сүрген дәуірдің шынайы суреті бір ғана тармақтық штрих деталь ”қой сою процесімен” беріледі. Бұл ойдың астары ақынның азаматтық лирикасында кейін бұдан да тереңдетіліп, Ақ патшаны – қойшы, оның империясының құрамындағы езіліп жаншылған бодан елдерді – қой бейнесінде беруімен айшықталады. Бұл сияқты белгілі бір ұлттық нақышты тұрақты қолдана отырып, бұрынғысынан да асырып, бұрынғысынан да көркемдеп әспеттеп беру Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өзіндік дербес қаламгерлік стилінен хабардар етеді. Бұл туралы Шоқан Уәлиханов: “Орыс бастықтарының әрбір әрекетінен қазақтар тек қана қастық, бостандығымызға, тұрмысымызға қол сұғатын озбырлық деп білген”[12,132б]. Ал Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмір сүрген дәуірде орыс отаршылары өз дегенін қазаққа орындататын уақыт туып, қарсы тұрушылар қатары мүлдем сирей түскен заман еді.

Осындай сөз ойнату ерекшелігінің ертеден келе жатқан дәстүр екендігін академик Зәки Ахметов: “Теңеу, балама бейнелер – метафора мен метонимия, тұспалдап суреттеу тәсілдері – аллегория мен символ, әсірелеу тәсілдері – гипербола (зорайту), литото (кішірейту), табиғат құбылыстарын жандандырып кейіптеу тәсілі (олицетворение), сөзді керісінше мағынада алатын сықақтау тәсілі (ирония) – осының бәрі де не салыстыру негізінде, не қалайда екі нәрсенің өзара жалғастық, жанасымдылығы негізінде астарлы мағына тудырады, бір мағынаны екінші мағынамен алмастырады”[13, 34б] деп сөз етеді. Біз ақын қолданған сөзден бұрынғы ескінің енді бой көрсете бастаған жаңаша қолданылумен астасуын байқаймыз.

Ақын жұрттың бәрі жабыла мақтанған Кеңестік дәуірдің болашағына күмән айтуы ұлттық әдебиетіміздегі Асан Қайғының, Бұқар жыраудың болашақты болжауымен үндесетіндігін енді ғана ашып айтатын болдық.

Ай, Жәнібек, ойласаң,
Қилы, қилы заман болмай ма,
Суда жүрген ақ шортан
Қарағай басын шалмай [2, 24 б]-
деген Асан Қайғы жұмбағын, Бұқар жырау:
Құбыладан келер бір кәпір,
Аузы-басы жүн кәпір[14, 203 б]-

деп, шешсе, өз кезегінде Кеңес үкіметінің түптің түбінде құлауын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы:

Жұрт көрді –Құдай ісі онайлығын,
Қысы-жазы тығын жоқ, күнде шығын.
Пенде асығып, жеткенше тарығады,
Құдай өзі көрсетпек – Құдайлығын!..
Деп жүрміз: “Құдай бар!-деп, бір,-деп,-“күшті!”
Сол сөзде болып кетті-ау дәл екі ұшты!

Анық көңіл бекиді қарарланып,

Құдайлық, таң қалғандай, көрсетсе істі! [15, 81-82 бб]

- деп зорлыққа құрылған үкіметтің түптің түбінде құлайтындығын көрегендікпен айта білуі ұлттық әдебиетіміздегі дәстүр жалғастығын танытып тұр емес пе!? Ақын осы ақын абыздығын сөзбен тұспалдап айтуды ұлттық салт-дәстүріміздегі ұғым-түсініктер арқылы көркемдеп беріп отыр.

Қазақ даласында мыңжылдықтар арасында орын алған мәдениеттер мен діндердің аралас-құраластығы әдеби-мәдени алмасуларға ұласты. Осы алмасулар ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы әдеби үдеріске араласқан қаламгерлер шығармашылығында бой көрсетті. Бұдан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығы да тыс қала алмады.

Осының шынайы ғылыми тұрғыда зерделенуін белгілі қоғам қайраткері Иманғали Тасмағанбетов өзінің Т. Сұлтановтың “Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана” кітабына жазған алғы сөзінде: “Проблемы формирования исторического самосознания является комплексной и требует совместных усилий писателей, журналистов, политических деятелей и особенно ученых – того мощного пласта неординарных людей, которые обладают масштабным мышлением, научным складом ума и способностью просчитывать на много ходов вперед динамику социально-исторических процессов. Нужны исследования по философии истории, социальной мысли. В стремлении пропустить факты через социальное мышление, подвергнуть их теоретическому анализу и реализуется социальное мышление ученого, важнейшая задача которого сегодня - дать объективный анализ допущенных в прежние годы искажений исторических фактов. А это невозможно без обращения к опыту мировой исторической мысли, к концептуальным направлениям в дореволюционном и послереволюционном российском и казахстанском отечественном историознании, без активного развития восточного источниковедения и восточной историософии” [16, 8б] дегенінен шығармашылығы ислам дінімен және шығыс әдебиетімен тікелей байланысты ХІХ-ХХ ғғ. ақындардың шығармашылығын зерттеу объектісі етіп алған ғалымдар да тысқары қала алмайды. Осындай зор міндет ХІХ-ХХ ғғ. әдебиетінің тарихын зерттеуші ғалымдарға да жүктеліп отыр.

Кеңес қазақ әдебиетінің зерттеушісі Жармағанбетов: “Үйткені олардың бір тобы (Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Мұхаммеджан Сералин т.б.) революция жылдарында қоғам өмірінде болып жатқан теңдесі жоқ ұлы өзгерістердің түп мақсатына көзі жетпегендіктен, дауылдың артын күтіп тоқырасып қалды” [17, 15 б] деп орынды атап көрсетеді. Біз өтірікті – шын, шынды - өтірік деп жырлауға қаламгерлік ар-ожданы жібермеген Мұхаммеджан Сералиннің әдеби үдерістен саналы бас тартуын оның қаламгерлік ерлігі деп бағаласақ, ақ патша саясаты мен қызыл отаршылдық дәуірді сынаудан тайсалмаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қаламгерлік ерлігіне орынды бағалау жасауды,

ұлттық болмысты айқын таныта алуын С. Сүтжан [18], Г.Жүсіпова [19], Е. Жүсіпов [20] т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінен ұшыратамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Оқу құралы. – Алматы: “Санат”, 1996. – 336 бб.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы, 1991, 221 б.
3. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Ас.: «Фолиант», 2002.
4. Изеуитов А. Проблема психологизма в эстетике и литературе // Проблема психологизма в советской литературе. – Л.: Наука, 1970.
5. Гегель Г. Энциклопедия философских наук. Философия духа. – М., Мысль, 1977.
6. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том Павлодар қ.: “ЭКО” ҒӨФ, 2004-535 б.
7. Лихачев Д. С. Человек в литературе Древней Руси. Изд-во “Наука” М., 1970. – 179 с.
8. Жұртбай Т. Бесігінді түзе // Жұлдыз
9. Чаадаев П. Я. Жизнь и мышление. СПб., 1908.
10. Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды? - Алматы, 1993. - 128 б.
11. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. Алматы, 1994, 192 б.
12. Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. Алматы, 1985, 560 б.
13. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. Астана: Фолиант, 2002.-408 б.
14. Ай, заман-ай, заман-ай... (Бес ғасыр жырлайды). Құр: М. Мағауин, М. Байділдаев. Алматы, 1991. - 380 б.
15. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том Павлодар қ.: “ЭКО” ҒӨФ, 2004-535 б.
16. Т. Султанов Т. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. –Алматы: - Дайк-Пресс, 2001.-276 – (Казахстанские востоковедные исследования).
17. Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі, Қазақ ССР ҒА баспасы А., 1948.
18. Сүтжан С. Мәшһүр – Жүсіп Көпеевтің әдеби мұрасы: ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты.
19. Жүсіпова Г., Мәшһүр – Жүсіп дастандары: ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты.
20. Жүсіпов Е. Мәшһүр – Жүсіп шығармаларындағы шығыс әдеби дәстүрі: ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты.

Резюме

В статье рассматриваются национальные особенности в произведениях Маашхур – Жусип Копеева.

Resume

In this article examinations the national uniqueness in compositions of Mashhur – Zhusip Kopeev.

ӘӨЖ 882.151.212.2

ҚАЗАҚ ӨЛЕҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ ПЕН СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ДӘСТҮРІ

А. Үсенова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ.

Ұлы Отан соғысы әкелген зұлматтар, майдан шебі мен тылдағы еңбек майдандары қоғамға және өнерге жаңа мазмұн әкелді. Бұл кезеңде көтерілген тақырыптарда ерлік пен өрлік, елдік пен адами сезімдер астасып жатыр. Поэзияда лепті, көтеріңкі әуен және лирикалық әуендер орын алды. Сондай-ақ ойлы, сезімді жырлардың құрылымдық негізі ырғақтық-интонациялық жағынан құнарлы еркін өлеңдерге көп жүгінді. Сондықтан соғыс кезеңі поэзиясының алдыңғы қатарында соғыс даласында болып, оның барлық азабы мен қасіретін көрген жауынгер ақындар: Ә.Сәрсенбаев, Қ.Аманжолов, Ж.Саин, Д. Әбілев, С. Мәуленов, А. Жұмағалиев, Қ. Бекхожиндер болды. Олар өлеңдеріне арнайы түр іздеген жоқ. Олардың өлеңдерінің сыртқы пішіні ішкі болмысымен бірге пайда болғандықтан бір - бірінен ажырағысыз, шымыр шықты, яғни түрінің өзі мазмұнға айналды. Өмірдің шындығы ұсынған мазмұн өзіне лайық пішінмен туатыны белгілі. Бұл кезеңде өлеңдер жазу үшін жазылмайтын, «жазбауға болмайтын жағдайда»] ішкі қажеттіліктен, шын шабыттан туындағандықтан, олардың поэзиясы сезімді, ойлы.

Қ.Аманжолов өлеңдерінде жаңа ырғақтық-интонациялық құрылымдар мол орын алды. Оның ең бастысы «Дариға, сол қыз» өлеңіндегі он буынды өлшемнің 5+5 сұлу кестесінің пайда болуы. Бұл өрнек негізі 3+2+3+2 болғандықтан туатын мәнер толқынды. Өлең мазмұнындағы сағыныш, іңкәрлөк сезімдерін жеткізуге аса оңтайлы, өлеңнің ішкі сарайына дөп түскен өлшем болғандықтан тамырын тереңге жайып, өміршең мінез танытты. Бұл өлең майдандағы солдаттардың жан сырына айналды. Дариға есімі солдат аңсаған қыздың типтік бейнесі деңгейіне көтерілуі мазмұн мен түр тұтасқан